

## 1997 жылды Жалпыұлттық татулық пен саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы деп жариялау туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1996 жылғы 30 желтоқсандағы N 3299

Республика азаматтарының, қоғамдық бірлестіктері мен ұйымдарының көптеген өтініштерін ескере отырып, жалпыұлттық татулықты, қоғамдық-саяси тұрақтылықты нығайту мақсатында қаулы етемін:

1. 1997 жыл Жалпыұлттық татулық пен саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы деп жариялансын.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) Жалпыұлттық татулық пен саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылын өткізу жөнінде комиссия құрып, саяси партиялардың, ұлттық мәдени орталықтардың, қоғамдық және діни бірлестіктердің өкілдеріне оның құрамына кіруді ұсынсын. Облыстардың әкімдеріне осындай комиссиялар құру тапсырылсын; Р970086

2) 1997 жылдың 15 қаңтарына дейін тиісті шаралар әзірлеп, оны Мемлекет басшысына табыс етсін, бұқаралық құралдарында оларды кеңінен және уақтылы жария етіп отыруды көз десін;

3) жалпыұлттық татулықты қамтамасыз ету қоғамдық-саяси тұрақтылықты нығайту, жеке адам мен мемлекеттің арасындағы қарым-қатынастарға ізгі сипат беру ісінде ерекше көзге түскен Республика азаматтарын мемлекеттік наградалармен наградтауға ұсыну жөніндегі жұмысты ұйымдастырсын;

4) саяси қуғын-сүргін құрбандарына жаңа ескерткіштер орнату және бұрын орнатылған ескерткіштерді, олардың жаппай жерленген орындарын тиісті күйге келтіру жөнінде шаралар қолдансын;

5) осы Жарлықты іске асыру жөнінде өзге де қажетті шаралар қолданатын болсын.  
У 9 7 3 4 4 3

3. Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі Жалпыұлттық татулық пен саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылына арналған тиын теңгелер шығаратын болсын.

4. Осы Жарлық жарияланған сәтінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК